

Республикалық меншіктің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 27 қаулысы.

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 11 бабының 4) тармақшасына және "Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 маусымдағы № 616 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің "Сарыарқа" республикалық велотрегі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – 1-кәсіпорын) мүліктік кешен ретінде республикалық меншіктен заңнамада белгіленген тәртіппен Астана қаласының коммуналдық меншігіне берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Ақ жауын" мемлекеттік камералық оркестрі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің "Қазақконцерт" мемлекеттік концерттік ұйымы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – 2-кәсіпорын) болып қайта аталсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетімен және Астана қаласының әкімдігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен 1-кәсіпорынды қабылдап алу-беру бойынша қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

4. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне 2-кәсіпорынның жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекітуге ұсынуды;

2) 2-кәсіпорынның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

3) осы қаулының 2-тармағын іске асыру бойынша өзге де шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

5. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 27 қаңтардағы
№ 27 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.05.2016 № 322 қаулысымен.
2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 865 қаулысымен.
3. "Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 1440 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 90, 738-құжат):
көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:
қайта аталатын республикалық мемлекеттік заңды тұлғалардың тізбесінде:
реттік нөмірі 17-жол алып тасталсын.